

**“Астана Медицина Университеті” АҚ
Фармацевтикалық пәндер кафедрасы**

Тақырыбы: Ерте және дамыған Орта
ғасырлардағы медицина мен фармацияның дамуы.
Византия және Араб халифаты.

Орындаған: Бухарова Д.

Тобы: 201-фармация

Қабылдаған: Атымтайқызы А.

Астана 2016 ж.

Жоспар:

1. Орта ғасырлардағы фармацияның дамуы.
2. Византия империясындағы фармация.
3. Араб халифатында медицинаның пайда болуы.
4. Араб медицинасының дамуы.

Орта ғасырдағы медицина және фармацияның дамуы. (476-1640жж.)

- Орта ғасыр фармациясына күрделі дәрілік жазбалар тән. Бір рецепттің дәрілік құрамы ондаған заттардан құралуы мүмкін болатын.
- Медицина мен фармацияның тарихында Салерно қаласындағы медициналық мектеп үлкен роль атқарды. Көне медицинаның ең жақсы жетістіктері (Ciroitas Hippocratica) «Гиппократ қоғамы» аталған Салерно қаласында сақталып, жалғасын тапқан.
- Салерно медициналық мектебі ақсүйектер дәрежесінде болған. Онда ер профессорлармен қатар әйел профессорлар (Абелла, Тротула де Ругиеров, Константа Халенда, Ребекка Гуарана) да сабақ берген.

Византия империясындағы фармация

- *Византия дәуірі* - грек-рим мұрагері - әлем мәдениеті тарихында атақты орын алды.
- Оның тарихы, мемлекеттік дін ретінде христиан дінін енгізіп, Ұлы Рим империясының жаңа астанасын Римнен ежелгі грек қаласы, Босфордың жағасындағы Византияға көшірумен атағы шыққан император, Константин Великийдің (306-337ж. ж.) билік еткен кезеңінен бастау алады.
- Византияда емхана ісінің дамуы христиан дінімен тығыз байланысты. Алғашқы емхана 370 жылы Кесарииде салынған. Онда, сол кезде қанша ауру түрлері болса, сонша ғимараттар б




- Византиядағы емхана ісінің жоғары дәрежеде ұйымдастырылғанын, Константинопольдегі емханалардың біріне берген сипаттамасы куәлайды. Онда әйелдер ауруы бөлімін қоса есептегенде, 5 бөлім, әр бөлімде, 2 дәрігерден болған. Емхананың ішінде дәрігерлік өнерден дәріс беретін медициналық мектеп болған. Медицинаны оқыту монастырьларда да пікірталас түрінде жүргізілген.
- Византияда өсімдіктерден, жануарлардан және минералдардан алынатын дәрілік заттарды жинақтаған дәріханаларда болған. Дәріханалардың қызметі



**Араб халифатында
медицинаның пайда болуы және
дамуы.**

Араб медицинасы — араб елдері мен ислам дінін қабылдаған халықтар арасында орта ғасырларда жақсы дамыған ғылым салаларының бірі. Шығыста ислам дініне дейін емдеу жұмыстарын ирандықтар, еврейлер, сириялықтар жүргізді. Сол кезеңдегі дәрігерлердің белгілі оқытушысы, ұстазы Харет ибн Кадалахтың (6 ғ.) араб тілінде жазылған еңбектері қазіргі кезге дейін сақтаулы. Бұл еңбекте тамақты тарта жеудің, денені таза ұстаудың, ішімдікті көп ішпеудің т.б. негізгі ережелері айтылған.



Консилиум врачей. (Арабская миниатюра XI в.
Венская библиотека).

❖ Араб халифатының медицинасының дүние жүзіне тарауына үлкен ықпал жасаған Ортаазиялық ғалым Бәкр Зәкәрия (әр-Рази).

❖ Араб дәрігерлері органик. заттардан дәрі алудың жолын алғаш тапты. 754 ж. Бағдатта алғашқы дәріхана ашылды. Араб халифатында ауруханалар жүйелі түрде жұмыс істеуге көшірілді. Орта ғасырлардағы

Араб елдерінде ауруханалардың жанынан мед.мектептер ашылды.



- Араб халифаттарында дәріханалық істің дамуы, Шығыс ғалымдарының химиядағы жетістіктерімен байланысты болған.
- Арабтар түрлі дәрілер, шырындар, ботқалар, иісті майлар, жапсырмалар дайындаған. Емдеу мақсатында қалампырды, корицаны, мускусты, мускат жаңғағын т.б пайдаланған.

- Орта ғасырдағы Шығыс дәрігерлері емдеудің тәжірибелі тексерілуіне зор көңіл бөлген.
- Емханадағы аурулардың ағымына тиянақты бақылау жүргізіп отырған, олардың әдебиетте дұрыс сипатталуын тексерген, дәрілердің әсерін жануарларда тексерген.

- Ислам дінінің мәйітті ашуға тыйым салуы, мұсылман дәрігерлердің анатомиялық зерттеулерінің төмен дәрежеде болуына себебін тигізді. Осының салдарынан, гигиена, жұқпалы ауруларды зерттеу, дәрітану салаларына қарағанда, хирургия мен акушерлік істің дамуы әлсіздеу болды.

Аль-Фараби (870-950) атақты Ғалым, энциклопедист Орта ғасырлық Шығыстағы мәдени орталықтың бірі Отырар қаласынан шыққан. Бағдатта Аллепода жұмыс істеген. Ол 100ге жуық философия және жаратылыстану ғылымны туралы еңбек жазған. Шығыс философтары Аль-Фараби «Екінші ұстаз» деп атаған. Медицина мәселелеріне арналған «Адам денесінің ағзалары», «Асқазан ішек жолдарының аурулары туралы сөз», «Жан туралы» трактаттар жазған.



DATALIFE ENGINE
SOFTNEWS MEDIA GROUP

*Назарларыңызға
рахмет !!!*

